4.«Шабыт» жобасы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру аясында және оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту арқылы құндылықтарды насихаттау мақсатында 2024 жылдың тамыз айында педагогикалық кеңесте «Шабыт» жобасы құрылды. Жоба жетекшісі ретінде музыка пәнінің мұғалімі Хамзина А. У. тағайындалып, жобаның мақсаты, міндеттері мен күтілетін нәтижелері анықталды.2024-2025 оқу жылына арналған «Шабыт» жобасының жоспары әзірленіп, келесі жұмыстар атқарылды:«Даналық ұстаздан» тақырыбында мектебіміздің ұстаздарына мерекелік іс-шара ұйымдастырылыды. 2-4 сынып оқушылары арасында «Шалқан» ертегісінен театрландырылған қойылым қойылыды. Бұл шараның мақсаты:Балаларға ертегіні көңілді қабылдауға үйрету, сахналап беруге талпындыру, кейіпкерлердің мінез-құлқын сезіндіру, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру
«Шабыт жобасы» бойынша 5-11 сынып оқушылары арасында «Әншуақ» фестивалі аясында «Қазақ композиторларының балаларға арналған әндерінің педагогикалық маңызы тәрбиелік мәні» тақырыбында дөңгелк үстел өтті.

5. Смарт бала жобасы бойынша 2024 жылдың қараша айының 19 күні мектебінде “Біртұтас тәрбие” бағдарламасы аясында “Smart Bala” жобасы бойынша 6-9 сыныптар арасында сайыс өткізілді.
Мақсаты: Балалардың интеллектуалдық, шығармашылық және аналитикалық қабілеттерін дамыту.

6. Балалар кітапханасыжобасы
Балалар кітапханасы жобасы Жүрегі жырдан жаралған тақырыбнда әдеби кеш ұйымдастырылды.
«Жасыл клуб» жобасы бойынша мектебімізде «Жасыл клуб» жобасы бойынша Республика күніне орай «Таза табиғат» экологиялық акциясы ұйымдастырылды. Мектебімізде «Жасыл клуб» жобасы бойынша “Жануарларды қорғау- біздің міндетіміз”атты 9 сыныптарға экологиялық сабақ өткізді
Мақсаты: Оқушыларды жануарларға деген мейірімділікке,қамқор болуға тәрбиелеу;
“Жасыл клуб” жобасы аясында 7 сынып оқушыларына “Электр энергиясын үнемдеу” тақырыбында танымдық сабақ өткізді.
Мақсаты: Оқушылардың электр қуаты және үнем туралы түсініктерін кеңейту, Ой- өрістерін, тілдік қорын дамыту, Үнемдей білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
Жасыл жоба» аясында 6 сыныптарға өткізілген экологиялық сабақ«Қызыл кітап»атты экологиялық сабақ
Мақсаты: Қызыл кітаптың мәнін, мақсатын суреттер, бейне жазбалар және қосымша ақпараттар арқылы теориялық және іс жүзінде ұғындыру.
«Жасыл клуб» жобасының жетекшісі:Рахметов М. А.

«Ақындар айтысы» бойынша жұмыстар жүргізілді. «Жаңа Қазақстанда ақындар айтысының дамуы» тақырыбында пікірталас өткізілді. Қатысқан оқушы саны 8 оқушы.
Шахмат және дойбы ойындарынан дене шынықтыру мұғалімі оқушылар арасында сайыстарды өткізіп, орын алған оқушыларды мадақтамен марапаттады.
Қысқы демалыс кезінде барлық спорт секциялары мен үйірмелер кесте бойынша жүргізіліп отырды.
Мектепте құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңес өз жұмысын жиі атқарып отырады.
Барлық оқушылар мектептердің мәдени-бұқаралық, спорттық іс-шараларына қатысады, секцияларға қатысады.
Сондай-ақ қамқорлық кеңесі де өз деңгейінде жұмыс атқарып келеді. Қамқорлық кеңесінің құрамында 7 адам бар. Кеңес құрамының мүшелері әр отырыста өз ұсыныстарын айтып, өз тараптарынан қамқорлық көмектерін көрсетіп отырады. Сонымен қатар, әр ай сайын мектеп асханасын, тағамдарды жүйелі түрде тексеріп, бақылап отырады. Мектеп директорының бекітуімен арнайы бракераждық комиссия құрылды.
Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған білім беру және ғылымды дамыту мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, 5-9 сынып оқушыларының өзін-өзі басқару органдарын дамыту мақсатында «Мектеп Парламенті» құрылды. Қыркүйек айының басында Мектеп Парламентінің алғашқы отырысы өткізіліп, ұйымның мақсаттары мен міндеттері белгіленіп, 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілді.Парламенттің бағыттары бойынша жұмысқа жауапты фракция жетекшілері

тағайындалды. Екі тоқсан бойы Парламент мектеп формасын тексеру, оқулықтарды тексеру және «Сынып бұрышы» рейдтерін ұйымдастырды. Әр тоқсанның соңында сыныптардың рейтингі жасалып, келесі тоқсанға арналған міндеттер айқындалды.Ай сайын көшбасшылар кеңесінің және оқушылар белсенділерінің отырыстары өткізіліп, әртүрлі іс-шаралар жоспарланып, талқыланып, дайындалды. оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы келесі мектепішілік іс-шараларды ұйымдастыруға белсенді қатысты: Білім күні, Мұғалімдер күні, Қарттар күні, Республика күні, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күні және Жаңа жыл.

Ең маңызды іс-шаралардың бірі – Мектеп Парламенті Президентін сайлау болды. Бұл сайлауды ұйымдастыру мен өткізуде мектеп қауымдастығының көшбасшылары белсенділік танытты. Сайлау нәтижесінде 8-сынып оқушысы Қайрат Зарина мектептің өзін-өзі басқару ұйымының көшбасшысы атанды.Сонымен қатар «Өзін-өзі басқару» ұйымының 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспары бар. Мектеп директорымен бекітілген. Әр ай сайын атқарылған жұмыстарды әлеуметтік парақшаларға жүктеп отырады.
2024-2025 жылдар аралығында мектепте терроризмге қарсы қорғаудың алдын алу бойынша аудандық жоспарға сәйкес іс-шаралар өткізілді.
Жаңа оқу жылына күзет пен терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыруды жетілдіру жөніндегі жоспар әзірленді.
Терроризмге, өрт қауіпсіздігіне қарсы іс-қимыл жөніндегі стенд, сондай-ақ ТЖ кезіндегі іс-қимылдар туралы ақпарат ресімделді. Мектепте және мектептен тыс уақытта қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша нұсқаулық өткізілді.. АӘД мұғалімі Абжанов М. Ш. өрт, террористік актілер қаупі төнген жағдайда шұғыл эвакуациялау бойынша жаттығу өткізді.
Осы атқарылған іс шаралардың барлығы «**Біртұтас тәрбие бағдарламасының»** мақсатына жету, яғни оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу болып келеді.

Тәрбиелік жұмыс жоспары жыл сайын сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігінің (ӘБ) отырыстарында талқыланады.
Тәрбиелік міндеттерді жүзеге асыру үшін тәрбие жұмысы жөніндегі директордың орынбасары және аға тәлімгер –Садвакасова А. Е., әлеуметтік педагог пен психолог –Бигалиева К. Ш. Досымбекова Г. Б.сондай-ақ 11 сынып жетекшісі қатысты.

2024-2025 оқу жылының I жартыжылдығында сынып жетекшілерінің ӘБ-нің 3 отырысы өткізілді. Әрбір отырыс тақырыптық сипатта болды:

1. Отырыстың тақырыбы: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мақсаттары мен міндеттерін талқылау.

2. Отырыстың тақырыбы: Сынып жетекшілерінің әдістемелік шеберханасы.

3. Отырыстың тақырыбы: Қысқы демалыс уақытындағы оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру.

Оқу жылының басында сынып жетекшілерінің ӘБ жұмысына талдау жасалып, жаңа оқу жылына жоспар құрылды. Сондай-ақ, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру талқыланды: бағдарлама бойынша жобалардың жоспарлары құрылып, жауапты тұлғалар бекітілді.

Сынып жетекшілері тәрбиелік жұмыс жоспары және мектепішілік іс-шараларды өткізу формаларымен танысып, жұмысқа талдау жасау схемасын алды. Жоспарға сәйкес, сынып жетекшілері әр дүйсенбі сайын сынып сағаттарын өткізді, олардың алғашқы 10 минуты қауіпсіздік сабақтарына арналды.

Сынып сағаттарының оң нәтижелері:

- Сынып сағаттарының накты мақсаттарға бағытталуы.
- Оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығының жоғары болуы.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау сабақтары мен «Даналық мектебі» шараларының өтуі мен ата-аналардың қатысымы.
АПҚО сабақтарының мазмұнының негізі
Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарының қызметі балалардың әл-ауқаты ұғымына негізделген, өйткені ата-аналар баланы дамыту мен тәрбиелеуде басты рөл атқарады. Өзара сыйластық пен қолдау отбасының әрбір мүшесіне басқаларға деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты сезінуге көмектеседі – бұл құндылықтар қақтығыстар мен дауларды тиімді шешу, ымыраға келу және бір-бірін түсіну қабілетін қалыптастырады. Отбасында әл-ауқатты қалыптастыру және қолдау оның барлық мүшелерінің үнемі күш-жігерін, назарын және қамқорлығын талап етеді, ал үй ортасы - бала білім алып, дами бастайтын алғашқы орта.
Даналық мектебінің  жетекшісі: Бигалиева К. Ш.
Даналық мектебінің 2024-2025 жылдарға арналған жалпы жұмыс жоспары құрылып бекітілді. Жоспар негізінде ай сайын жұмыстар жүргізіліп отырды. Қыркүйек айында «Ата өсиеті» бойынша «Туыстық қарым-қатынас-баға жетпес байлық» тақырыбында ата-аналарға баяндама оқылды. Қазан айында «Ата кәсіп – берекенің бастауы» атты ата-аналармен тренинг ұйымдастырылды. Тренингтің мақсаты: ата кәсіп туралы білу, олардың сипаттамаларымен танысып, маңыздылығы туралы пікір алмасу болды. Қараша-желтоқсан айларында «Әжелердің өшпейтұғынөнегелі үлгісі» және «Өнегелі өмір» тақырыбында жұмыстар өтті.
**«Адал ұрпақ»еріктілер  клубының   2024-2025 оқу жылының  жылдық   есебі.**
«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы 3 секцияда жұмыс істейді.

1. Жемқорлыққа қарсы білім секциясы- дәрістер, дөңгелек үстел және басқада ағарту шараларын ұйымдастыруға қатысады;
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық секциясы-бейнероликтер мен сурет байқауын өткізуге ұйытқы болады;
3. Мәдени –көпшілік іс-шаралар секциясы- флешмобтар дайындап қоғамдық ұйым өкілдерімен кездесулер өткізеді.

1.Жемқорлыққа қарсы мәдениеттік  қалыптастыру мақсатында «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы төмендегі құрамда құрылсын.

«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жетекшісі:   Жусупов.Р.М.
1. Абашахманова А. .11-сынып –жемқорлыққа қарсы білім секциясының жетекшісі
2. Мухаматова Ж. 10 сынып. – сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық секциясының жетекшісі
3. Рамазан Сағындық 10-сынып.   – мәдени –көпшілік іс-шаралар секциясының жетекшісі.

Қыркүйек айынан бастап осы жлспарлар бойынша түрлі мектеп ішілік іс-шаралар өткізілді. «Адал ұрпақ» ерікті мектепішілік клубы қызметін  ұйымдастыру. «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспарын құрып оны бекіту. «Парасатты азамат» бұышын құру. Оқушылардың адамгершілігі мен құқықтық мәдениетін жоғарылатуға бағытталған тақырыптық сынып сағаттарын өткізу.Бұл іс-шараларға жауапты клуб жетекшісі Жусупов Р.М. Қаңтар айында  мектебіміздің тәрбие жөніндегі меңгерушісі құқықтық тәрбиелеуде және құқықбұзушылықтың алдын алу мәдениетін соның ішінде сыбайластық жемқорлық қалыптастырудағы отбасының рөлі туралы мектеп оқушыларының ата –аналарымен жиналыс өткізіп,ата-аналар өз ойларымен бөлісіп мектебіміздің ішінде болып жатқан іс-шараларды қолдайтынын білдірді.«Адал ұрпақ» ерікті  мектеп клубының жылдық жұмыс жоспарлары «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру» бағдарламасы негізінде жасалып, жұмыстар  жүргізу

жандандырылып отырады.Желтоқсан айында қоғамға ашық есеп беретін мемлекет қалыптастыруға бағытталған міндеттерді шешу барысындағы Қазақстанның жетістіктерін паш ету құқықтық мемлекеттің жұмыс істеуінің базалық принциптері туралы және біздің еліміздегі құқықтық мемлекет қалыптастырудың ерекшеліктенін білгізу бағытында.

**Азаматтану дебат клубы жылдық бойынша:**

Мектептің жоғары сынып оқушыларынан құралған ,,Азаматтану дебат клубы жұмыс істейді.

Оқушылардың өзін-өзі басқарумақсаты:

-қарым қатынасты ізгіліктендіру.

-ұжым өмірін жариялылыққа,еркіндікке негіздей отырып оқушыларды қоғам мен мемлекетті басқару тетігіне дайындау.

Оқушылар арасындағы дебат клубы жүйесінің өзектілігі:

-оқушылар әрекетінің еріктілігі,жариалылығы,тең құқылығы.

-жалпы адами асыл құндылықтарды шынайы бағалауға бағыттау.

-өзіндік шешім қабылдауға жағдай туғызу.

Оқушылардың өзін –өзі басқарудың принціптерін.

2021-2022 оқу жылында Азаматтану дебат клубы құрылып оған мектептің 9-11 сынып оқушылары қабылданды.2022-2023 оқу жылының басынан бастап клуб мүшелері толықтырылып клуб өз жұмысын бастады .Қаңтар айында түрлі іс шаралар ұйымдастырылды ,дөңгелек стол,клуб жиналысы,мектеп ішілік дебат сайысын ұйымдастыру сияқты.Наурыз айында мектепшілік пікір сайыс жарысы ұйымдастырылып балалардан аудандық жарысқа команда құрылды.Сонымен оқушылар ауданда болған дебаттық сайыстарға қатысып ,бір-бірімен тәжірибе алмасып ,өздерінің білімдері мен ұшқыр ойларын шыңдады.

**Психологиялық қызметтің талдау есебі**
**2024-2025 оқу жылы**

1. Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы білім бөлімі бойынша Құдықағаш ауылының Рамазан Елебаев атындағы ЖОББМ оқушылар саны – 50 және даярлық сыныпта - 6 оқушы.

2. Мектептегі психологиялық қызметі туралы ақпараттық анықтама:

- мектепте педагог – психолог Досымбекова Гулдана **.**, жұмыс өтілі – 0 жыл

**Мектептегі психологиялық қызметтің негізгі мақсаты** — мектеп оқушыларының жеке тұлға ретіндегі қалыптасуына, олардың шығармашылық мүмкіндіктерінің ашылуына, қабілеттері мен бейімділіктерінің дамуына көмектесу; олардың психологиялық ерекшеліктерін терең зерттеу; оқушылардың психикалық дамуындағы ауытқушылықты, кешеуілдеуді болдырмаудың жолдарын іздестіру; мұғалімдер ұжымында психологиялық ахуалды қалыптастыру; ата-аналар үшін психологиялық сауаттандыру, білім беру сабақтарын ұйымдастыру.

**Міндеттері:** Білім беру қызметіндегі қиындықтарды анықтау және диагностикалау, кеңес беру, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету және білім беру ортасында қолдау көрсету студенттердің, оқушылардың, мұғалімдердің, ата-аналардың немесе басқа да заңды өкілдердің психологиялық салауаттылығын сақтауды және нығайтуды қамтамасыз ету.

3. Қызмет бағыттары бойынша психологиялық қызметтің жоспар бойынша қойылған міндеттері орындалды, қиындықтар: оқушылармен және мектеп ұжымымен туындаған жоқ, қиындықтар ата – анамен ПМПК ға баланы жібергісі келмеуі және консультацияға келмеуі. Алдын алу, ағарту жұмыстары толық жоспар бойынша орындалды, кеңес беру бағыты бойынша сұраныстар болды.

**Психологиялық диагностика.**Мақсаты: Тұлғаның жеке және жас ерекшеліктерін, сондай-ақ тұлғааралық өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу, жан-жақты толық мүмкіндіктерін ашу.

Баланың оқуға психологиялық дайындығын анықтау мақсатында 1- сынып оқушыларымен «Керн Йирасек» тесті (Адамның суретін салу; Сөздер көшірмесі; Нүктелер көшірмесі) және өзін бағалаудың даму деңгейін анықтау мақсатында «Баспалдақ» әдістемесі (құрастырушы В.Г. Щур) алынды. Жасөспірімдердің кәсіби бағдарлануы кезінде түрлі мамандықтарға сұрыптау мақсатында 9-11 сынып оқушыларынан «ДДС сауалнамасы» алынды.

**Психологиялық коррекциялық дамыту.** Мақсаты: Тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуындағы кездескен келеңсіздіктерді теңестіру, түзету жұмыстары, жалпы оқу дағдысы мен біліктілік деңгейін арттыру.

Оқушыларда зейінін дамыту, қызығушылықтарын арттыру, қарым- қатынасты нығайту мақсатында 4-сынып оқушыларымен «Зейін тренажері» атты дамыту жұмысы жүргізілді. Сабақ барысында көру зейінің дамытуда «Фигураларды есте сақта»; дыбыстық жаттығулар ретінде «Ауа, жер, су», «Корректуралық байқау», «Алақан шапалақтау», «Рұқсат етілмейтін түстер», «Көзбен сана», «Сурет сал», «Іздеп тап», «Ғажайыптық сиқырлы орманы» жүргізілді. Оқушылардың танымдық дағдыларын ойын арқылы дамыту мақсатында 1,2,3- сынып оқушыларымен «Қандай пішінге ұқсайды», «Не қайда тұр», «Қашан болады?», «Бұл қай кезде болады?», «Рәміздерді тап», «Арнайы көліктер», «Неге қолданамыз», «Доппен ойнау», «Суретші қай жерде қателесті?» ойындар өткізілді. Психология апталығы жоспары бойынша оқушылар арасында «Егер мен мейірімді болсам, адамдар үшін не істер едім» эссе жазу, «Біздің ұйымшыл сыныбымыз» топтық коллаж,

**Психологиялық кеңес жүргізу.** Мақсаты: Педагогкикалық үрдіске қатынасушылардың барлығына дамыту, оқыту, тәрбиелеу мәселелері бойынша кеңестер беру.

Жеткіншектерге психологиялық кеңес беруде 6- 8 сынып оқушыларына «Жеткіншекке жаднама», «Өз-өзіңді қорғаудың 8-тәсілі» тақырыбында жаднама таратылып, кеңес берілді. Ата- аналар чатына «Ата-ананың бас қуанышы- БАЛА», «Баланы 5- ке дейін патшадай көтер, 15-ке дейін құлыңдай жұмса, 15-тен кейін досыңдай сыйла», «Бесінші сынып оқушыларына психолог ұсынысы», «Қауіпсіз жаз», «Оқушылардың демалыс кезіндегі өмірі және жол қауіпсіздігі» тақырыптарында кеңес жіберілді. «SOS белгісі», «Оқушы шығармасы», «Это нужно помнить всем родителям», «Посмотрите как устроен наш мозг»,Гейдбук 1-4; 5-9; 10-11 сыныптарға арналған кітапшалар, «Буллинг» атты ата- аналар үшін нұсқаулық, «Балаңызды жақсырақ түсінуге арналған кеңестер» жіберілді. Ұсыныстар жіберілді.

9,11 сынып оқушыларымен «Мамандық таңдаудағы негізгі мотивтер», «Мамандық таңдаудағы ең көп тараған қателіктер», «Таңдаған шешімге жеті қадам» тақырыптарында кеңес жүргізілді. Ата- аналарға «Мамандық таңдау бойынша ата- аналарға арналған жаднама» берілді. 11- сынып оқушыларына «Мектеп бітірушілерге емтихан тапсыруға дайындық бойынша ақыл- кеңес», «Емтихан қарсаңынд», «ҰБТ- ға қатысу», «Мектеп бітірушіге тестке қатысты психологиялық кеңес», «Емтиханға дайындықты дұрыс ұйымдастыру туралы психологиялық кеңес», «Тестті сәтті орындау үшін не қажет?» тақырыптарында кеңес берілді.

**Психологиялық ағарту жәнеалдын алу.** Мақсаты: Педагогикалық үрдіске қатынасушылардың психологиялық мәдениетін көтеріп, психологиялық білімге жұмылдыру шараларын ұйымдастыру. Тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау, алдын алу шараларын ұйымдастыру.Психологиялық- педагогикалық сүйемелдеуді өткізу туралы ата- аналарды және де заңды өкілдерін орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы бұйрық №377 25.082022ж таныстырылды, сонымен қатар, аталған қағида бойынша ақпараттық- түсіндіру жұмыстары жүргізілді.1-сынып оқушыларының мектепке бейімделу үрдісін психологиялық сүйемелдеу бойынша «Кел, танысайық», «Алақай! Мен оқушымын», «Мектеп өмірінің ережесі», «Мектепке не үшін барамыз?», «Менің досым- мектеп портфелі», «Мені жақынырақ таны», «Бірге жұмыс істеуге үйренеміз», «Біздің сынып- бұл біз!», «Мектептегі көңіл- күй», «Бірінші сынып оқушысы болу қандай керемет» тақырыптарында психологиялық тренингтер өткізілді. Нәтижесінде мектепке және оқуға жағымды эмоционалдық қарым- қатынас орнады, өздеріне деген сенімділігі артты, бір- біріне деген қатынас «сынып- тұтас топ» ретінде қалыптасты. Бесінші сынып оқушыларының орта буынға өтуіне байланысты бейімделу бағдарламасы негізінде атқарылатын жұмыстар: «5-ші сынып дегеніміз не?»; «Өзіңді таны»; «Орта мектептегі жаңа оқушы»; «Біз бір-бірімізді түсінеміз бе?», «Сезім әлемі», «Біздің мұғалімдеріміз», «Дос іздеп жүрмін», «Біз және біздің сынып». Нәтижесінде өзін тануға, өз сезімдерін басқара алуға, қарым- қатынас жасауда кездесетін кедергілерді жоюға үйренді, қарым- қатынас жасау дағдыларын жетілдірді.

1- 4 сынып оқушыларымен «Қауіпсіздік ережесі» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. 2- сыныппен

«Нейрожаттығулар» тақырыбында жұмыс жүргізілді. Балаларға зорлық- зомбылық туралы мағлұмат беру, қатыгездік мәселелеріне қауымның назарын аудару мақсатында 5- сыныппен «Буллинг дегеніміз не?», 7-8 сыныппен «Әлімжеттік- әлсіздің ісі», 9- сыныппен «Кибербуллинг дегеніміз не және ол неге қауіпті?» атты дәрістер, 10- сыныппен «Зорлық- зомбылыққа жол бермейік» тақырыбында психологиялық сабақ жүргізілді. Сынып жетекшілерге «Буллинг және оның алдын алу» атты жаднама таратылды. 6- сыныппен «Мейірімді болса жүрек, орындалар тілек»атты тренинг жүргізілді. 5-6 сынып оқушыларымен «Көңіл- күй әлемінде» тренинг өткізілді. 3,4- сынып оқушыларымен «Компьютерге тәуелді бала» атты рөлді ойыны ойнатылды. 7-8 сыныптар арасында «Интернет: пайдасы мен зияны. Компьютер «Тұтқыны»» тақырыбында пікіралысу өтті. Оқушыларда зиянды әдеттер туралы білімдерін жетілдіру мақсатында2- сыныппен «Зиянды әдеттер», 5- сыныппен «Зиянды әдеттерден аулақ бол!», 7-8 сынып қыздарымен «Үлгілі үйдің қыздары...» (қыздармен сырласу),10- сынып қыздарымен «Қызым саған айтам...» тақырыбында сынып сағаттары жүргізілді. Дүниежүзілік отбасы күніне орай 7-9 сыныптармен «Менің отбасым- менің бақытым» атты тренинг өткізілді. Нәтижесінде оқушылар отбасын құрметтеуге, ата- анасын сыйлауға, үлкенді үлгі, кішіні мақтан етуге, отбасының бірлігін сақтап, ата- ана алдындағы парызын өтеуге, тату болуға мағлұмат алды. 9- сыныппен «Досыма хат» хат жазу жаттығуы, 11- сыныппен «Табысты болудың 11 қадамы» атты сынып сағатында дәріс, «Арманыңыз асқар таудай болсын!» психологиялық сабақжүргізілді.

ҰБТ- ге емтиханға дайындық бойынша 11- сыныппен «ҰБТ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай?», «Емтихан кезінде стрестен қалай арыламыз», «Емтихан кезінде стрессті жеңілдету», «Жүйке жүйесіне түсетін күштен психологиялық арылу әдісі», «Емтихандағы өз- өзіне сенімділік» атты психологиялық ағарту жұмысы жүргізілді. Нәтижесінде оқушылар өз- өзіне сенімділікті жоғарлату мен өз күшіне сенуді, емтихан кезінде өзіне сенімді сезінуіне көмектесетін қасиеттерін табуға үйренді.

Жасөспірімдердің өзіне- өзі қол жұмсауы бойынша психологиялық алдын алу және ағарту жұмыстары ретінде оқушылармен «Өмір керемет!» эссе жазу, «Өмірге күлімдеп қара», «Өмір- сен неткен ғажапсың» психологиялық тренингтер жүргізілілді

Кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық- зомбылықтың, құқықбұзушылықтың, жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу бойынша мектеп оқушылармен «Қатыгездік пен зорлық- зомбылықсыз балалық шаққа арналған сенім телефоны» тақырыбында таныстырылым жүргізілді. Оқушылардың құқықтары мен міндеттері туралы білімдерін толықтыру мақсатында 6- сыныппен «Менің құқықтарым мен міндеттерім» атты тренинг, «Қауіпсіз қарым- қатынас» атты дәріс, 8- сынып оқушыларымен «Зорлық- зомбылыққа жол бермейік» атты психологиялық сабақ жүргізілді.

«Кәсіби даму мектебі» атты практикалық кейс жобасы бойынша педагогтермен «Мұғалімдердің эмоционалды күйзелісі», «Эмоционалды күйзелу», «Эмоционалды күйзелудің алдын алу», «Эмоционалды күйдің өзін- өзі реттеу эмоционалды күйіп кетудің алдын алу ретінде», «Эмоционалды күйіп қалудың алдын алуға арналған жаттығулар» тақырыптарында тренингтер жүргізілді. Нәтижесінде педагогтер өзін- өзі реттеу әдістерімен танысты, эмоция жайында түсініктерін кеңейтті және эмоцияны қалай жеңуге және эмоцияны бақылай білуге көмектесетін қарапайым тиімді жаттығуларды меңгеріп үйренді. Ата- аналармен «Менің отбасым», «Отбасы мен үшін...», «Біз біргеміз», «Махаббатпен тәрбиелеу 1- тренинг», «Махаббатпен тәрбиелеу 2- тренинг» атты тренингтер өткізілді. Нәтижесінде ата- аналар балалармен тиімді қарым- қатынас жасау жолдарын көрді, физикалық және психологиялық жағынан дені сау өскелең ұрпақты тәрбиелеуде ата- аналардың жауапты көзқарасы қалыптасты, психологиялық құзыреттілігі артып, мол тәжірибеге ие болды. Оқушылармен «Қарым қатынасқа үйрену», «Біз біргеміз», «Кірпіні қалай айналдыруға болады?», «Қоршаған дүние қандай әдемі», «Сіздің көңіл- күйіңіздің бейнесі» тақырыптарында тренингтер өткізілді. Нәтижесінде жасөспірімдер өзара жағымды қатынас жасау арқылы мәселелерді шешуде жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болатынына көз жеткізді, қарым- қатынаста өз ұстанымдарын түсінді, қолдау көрсетуді үйренді.
Мектебімізде 02.12- 13.12 күндері аралығында «Мейірімге толы жүрек » тақырыбынды психология

апталығы өтті. Мақсаты: Оқушылардың психологиялық мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасау, денсаулығын сақтау және нығайту, психологиялық қабілеттерін арттыру, логикалық ой- өрісін кеңейту, қарым- қатынастарын жақсы жаққа жалғастыру, өмірге көтеріңкі көңіл- күймен қарауға ықпал ету.

***АТА -АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ***

Биылғы оқу жылынан бастап ата-аналармен барлық білім беру ұйымдарында "Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталықтары" өз жұмысын бастап, олардың ең бірінші басымдығы – балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуін күшейту, мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын , бала тәрбиесінде оң мәдениетті дамыту болып отыр.

Осы орайда бүгін 1-4- сыныптар бойынша 2-сынып жетекшісі Гульсая Асылбекқызы ата-аналар жиналысы ұйымдастырылып, орталықтың жұмыс барысы таныстырылды.

"Отбасы – бақыт бесігі.

Ата-аналар өмірінің жобасы – бақытты адам" тақырыбында 1 сабақ өткізілді.

Мақсаты: ата-аналардың баланың бақытты өмірінің негізі ретінде оның әл-ауқатын қамтамасыз етуге дайындығын қалыптастыру.

"Тоғыз айға 9 іс-шара" жобасы аясында мектебімізде 17 қараша күні республикалық «Асық ату» челленджі өтті.

Челлендж мақсаты: оқушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастыру және елдің мәдени мұрасын сақтау, ұлттық ойындарды насихаттау.

**2024-2025 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтың атқарған**

**жұмысының жылдық есебі**

Мектепте тамыз айының 29 жұлдызында бекітілген өндірістік бұйрыққа сай мектеп әдістемелік бірлестік отырысында қаралып бекітілген әлеуметтік педагогтың жоспары бойынша келесі жұмыстар атқарылды. Маусым айында 2024-2025 жылға арналған жұмыс жоспарын дайындап, әдістемелік бірлестік отырысында қаралып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде айлық, апталық жоспарлар жасалып, жоспар бойынша төмендегі жұмыстар жасалды. 2024 жылдың 1 қыркүйегінен 1-11 сынып аралығында көпбалалы және аз қамтылған отбасындағы 27 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі жасалып, мектеп директоры А.Н. Садвакасов бекітті. Оқушылардың жеке құжаттарымен танысып, әр түрлі жағдайына қарай тізімін жасалды. Көпбалалы, тұрмыс жағдайы төмен, әлеуметтік төлқұжатты жасалды. Аталған мектепте 56 оқушы дәріс алады. 6 оқушы даярлық сыныпта оқиды. Осы оқушылардың арасынан17 оқушы жаппай оқыту қорынан бөлінген 43000 теңгеден ақшалай қолдарына алды. Оқушылар ыстық тамақпен

қамтамасыз етілген. Жаппай оқыту қорынан бөлінген 27 оқушыға тегін тамақ беріледі. Жалпы мектеп бойынша 27 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. Соның ішінде 16 оқушы 1-4- сыныптар аралығында, 11 оқушы 5-11-сыныптар аралығында.
«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» акциясы өтті. Мектебіміздің аз қамтылған отбасынан 1 балаға мектепке қажетт іспортық киім мұғалімдер ұжымы тарапынан берілді. 24 қазан күні әлеуметтік педагог С.Рахметова «Баланың құқықтары туралы Конвенция» тақырыбында 7-10 сынып аралығында ашық сабақ өтілді. 29 қазан Қамқоршылар күні. Мақсаты: Оқушылардың санасына мейірімділік, қайырымдылық ұғымдарын қалыптастыру ретінде мектеп психологы Досымбекова Г. тренинг өткізді. 2-желтоқсан «Біз салауатты өмірді қолдаймыз»-СПИДке , наркоманияға қарсымыз атты апталық ұйымдастырылды. Мектебіміздің кітапханашысы, Салықова М.медбике Ташенова Ж., мектеп психологы Досымбекова Г әлеуметтік педагог Бигалиева К.Ш. ұйымдастыруымен 5-10 сыныптар аралығында пікірталас өткізіліп , бейнероликтер көрсетіліп , спид жайлы түсінік берілді. «Зорлық - зомбылықсыз балалық шақ» республикалық он күндігі және «Бала құқығы- адам құқығы» аясында кәмелеттік жасқа толмағандар 9-10-11 сыныптар арасында әлеуметтік педагог баяндама оқыды . Балалардың қәуіпсіздігі мен сапалы өмір

сүруге қоғамның кез келген адамы жауапты екенін түсіндіре отырып, әр тұлғаның құқықтары туралы терең түсінік жүргізді. 17.11.2022 жылы мектебімізде "Бакыт деген -бала кездерің .Бақыт деген -Отбасың" атты бастауыш сынып ата-аналарымен дөңгелек үстел болып өтті. Мақсаты : Отбасы құндылықтарын дәріптеу, бала тәрбиесіндегі ата -ананың көзқарасын кеңейту.Отбасындағы сүйіспеншілік, сыйластық сезімін нығайту. Ұйымдастырғандар :бастауыш пән бірлестігі. «Зорлық- зомбылықсыз балалық шақ» республикалық онкүндік жоспары бойынша мектеп тәлімгері Садвакасова А. мен мектеп кітапханашысы Салықова М.«балалық шақты бірге қорғайық» атты пікірталас өткізді.

Мақсаты: әдепті, тәртіпті болуға, достарын құрметтеуге тәрбиелелеу.

« Біз буллингке қарсымыз! 18-қараша күні мектеп психологы Досымбекова Г. Б. мен 5-сыныптың жетекшісі Жусупов Р.ұйымдастыруымен әкелер арасында «қатігездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты дөңгелек үстел өткізілді.Мақсаты:бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру,ата-ана бойына өздерін тәрбиеші мұғалім ретінде қарауда қызығушылықтарын дамыту, баламен тіл табысуға,балаға қысым түсірмей,зорлық- зомбылықсыз қарым-қатынас орнатуға бағыт беру.

Республикалық он күндік қарсаңында балалардың құқығын қорғаудағы проблемаларды аныктап және осы мәселе бойынша балалардың көзқарастарын білу үшін әлеуметтік педагог 7-11 сынып оқушылар арасында зорлық-зомбылық туралы мен не ойлаймын сауалнамасын жүргізіп, қорытындысын шығарды.23.11.2022 жылы мектеп психологы және әлеуметтік педагогтердің ұйымдастыруымен 7-11 сыныптар арасында «Біз нашақорлыққа қарсымыз» атты тақырыпта түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мақсаты: Оқушыларды темекі шегуге, зиянды әдеттерден аулақ болуға, темекінің денсаулыққа кері әсер ететінін, айналасындағыларға да қатерлі екенін түсіндіру мақсатында тәрбие беру.

12.12.2024 жылы мектебімізде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Әзімжан Е. пен әлеуметтік педагог Шаймерденова А. ұйымдастыруымен тәуелсіздік күніне орай 2-6 сынып оқушылары арасында «Туған жер менің отаным» атты әкем, шешем және мен эстафеталық жарыс өтті.

Мақсаты: салауатты өмір салтын насихаттай отырып, эстафета спорттық ойынын дамыту.эстафеталық жарысқа қатысқан барлық ата-аналарға алғыс білдіреміз.2023 жылы қаңтар айынан бастап әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары бойынша , жұмыстар жүргізілді. 1-11 сыныптар аралығындағы көпбалалы, қамқоршы және тұрмысы төмен жанұядағы 22 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Олардың күнделікті тамақ ішуі қадағаланып тұрды.17.01.2023 күні мектебімізде кәсіптік бағдар беру жөнінде "Бүгінгі оқушы-ертеңгі студент, Бүгінгі студент-ереңгі маман" тақырыбында жоғарғы сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізді.

Мақсаты:1.Оқушыларды жоғары оқу орындарында белгілі бір мамандықта білім алып жатқан студент жастармен кездестіре отырып, пікір алысуға,болашақ мамандығын таңдауда жүйелі көзқарас қалыптастыруға , кәсіби мамандыққа деген қызығушылығын арттыруға , сол жолда тиянақты да , саналы білім алуға деген ұмтылысты оятуға бағыт беру.

2.Бұрынғы бітіріп кеткен түлектердің жақсы қасиеттерін, озық қабілеттерін кейінгіге үлгі ету.

3.Мамандықтардың түрлері, әр түрлі оқу орындары туралы мағлұмат беру. Мектебімізде 2025жылы 10 қаңтар мен 10 ақпан аралығында «Жүректен жүрекке» қайырымдылық акциясы бойынша айлық өткізілді. Акцияны өткізу барысында іс-шара жоспары жасалып, бекітілді. Акцияның мақсаты - оқумен қамтылмаған мектеп жасындағы балаларды анықтау, сондай-ақ материалдық көмекке мұқтаж көпбалалы, аз қамтылған отбасыларға, жетім және жартылай жетім, қамқорлыққа алынған балаларға әлеуметтік көмек пен қолдау көрсету. Әлеуметтік себептер бойынша сабақтарға балалардың келмеуінің алдын алу. Міндеті:

- жалпы орта білім алу үшін мектеп жасындағы балаларға жағдай жасау;

- дәлелсіз себептермен сабақтарға ұзақ уақыт бойы қатыспаған мектеп жасындағы балаларды анықтау және есепке алу;

- олардың сабақтарға қатыспау себептерін анықтау;

- күнкөрісі төмен және тұрмысы қолайсыз отбасылардан шыққан балаларға материалдық көмек көрсетуге бағытталған қайырымдылық қызметін жүзеге асыруға жұртшылықты тарту.

Акция өткізу барысында жағдайы төмен отбасыдан шыққан балаларды, сондай-ақ материалдық көмек көрсетуге мұқтаж және әлеуметтік себептер бойынша сабаққа келмей жүрген балаларды анықтау үшін рейдтер жүргізілді. Рейд нәтижелері бойынша әлеуметтік көмек көрсетуге мұқтаж отбасы балаларының тізімдері жасалды.Акция барысында мектебімізде жоспарға сәйкес іс-шаралар жүргізілді. 30 қаңтар күні әлеуметтік педагог Бигалиева К.Ш. «Мейірімді жүрек» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу» бағытында іс-шара жоспары жасалынды. Осы бағыт бойынша 20 қаңтар күні 5-10 сынып оқушылар арасында әңгіме - сұхбат жүргізілді. Онда қаралған мәселелер: 1. «Ата заңымызды ардақтайық» тақырыпта құқық пәні мұғалімі ЖусуповР. М. баяндама оқыса, 2-ші мәселеде әлеуметтік педагог Шаймерденова А. Қ. «Тәртіп бұзушы және қараусыз жасөспірімдерді жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы тәрбиені жандандыру» тақырыпта бейнебаян көрсетіліп, әңгіме жүргізді. 2025 жылдың 15 ақпанында «Сен және сенің құқығың» атты құқықтық білім апталығына іс-шаралар жоспары жасалып бекітілді. Мектебімізде 15-25 ақпан аралығында құқық бұзушылықтың алдын алу, оқушылардың және ата-аналардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында «Сен және сенің құқығың» атты құқықтық білім апталығы өткізілді. Апталық барысында сынып оқушыларының кунделікті сабаққа қатысуы қадағаланды. Әлеуметтік педагогтер» Менің қоғамдағы құқықтарым» атты тақырыбында 9 -10 сынып оқушыларының арасында дөңгелек үстел өткізілді. «Менің мектебім буллингке қарсы» атты жалпы республикалық флешмобына қатысты. Флешмоб жұртшылықтың назарын білім беру ұйымдарындағы буллинг мәселесіне аударуға бағытталған.

Мақсаты:Қоғам назарын балалардың қауіпсіздік мәселелеріне деген саналы көзқарасына аудару.

Міндеттері: ✓ Оқушылардың, педагогтердің буллинке қарсы санасы мен ойлауын қалыптастыру;

✓ Зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қарсы тұруға белсенді қатысуға жәрдемдесуі;

✓ Әлеуметтік маңызы бар міндеттерге негізделген мектеп қоғамдастығындағы бірлестік және өзара іс-қимыл;

✓ Балаларға шығармашылық арқылы өзін-өзі жүзеге асыру, биді бірлесіп дайындау барысында құқықтық тәрбие беру. 22 ақпан күні ата-аналарға арналған құқықтық білім күніне орай «Ата-аналардың құқықтық сауаттылығы - балалардың құқықтарын қорғаудың кепілі» тақырыбында пікірталас ұйымдастырылды. Қатысқан ата-ана саны-18 Өткізген тәрбие ісінің меңгерушісі Сапарова Б.және әлеуметтік педагог Шаймерденова А.К..

28 ақпан күні әлеуметтік педагог Бигалиева К. 9- сынып оқушыларына кәсіптік бағдар беру және кәсіптік қызметті таңдауда көмек көрсету үшін кеңес берілді. Талабына, қабілеттілігіне, жеке ерекшеліктеріне сәйкес жастардың саналы және еркін түрде кәсіп түрлерін таңдауына дайындау бойынша жүргізілді. Қатысқаны:6 оқушы. «Жүрегім толы мейірім» атты 1 наурыз «Алғыс айту» мерекесі қарсаңында мектебімізде қайырымдылық жәрмеңкесі өткізілді. Мақсаты: жас ұрпақтың бойына адамгершілік, ізгілік, қамқорлық, қайырымдылық сияқты асыл қасиеттерді бойына дарыту.15 наурыз күні

салауатты өмір салты бойынша барлық оқушыларға әңгіме жүргізілді. Онда мектептің медбикесі Ташенова Ж «Туберкулез» -аса қауіпті індет екенін айтып өтсе, әлеуметтік педагог Шаймерденова А. салауатты өмір салтын сақтау туралы бейнебаян көрсетіп, түсіндіріп өтті. Қазақстан Республикасы Ата Заңының 27-бап, 2-тармағында «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу-ата-ананың табиғи құқығы, әрі парызы» делінген. Отбасының негізі баланы өмірге келтіру ғана емес, оған мәдени-әлеуметтік ортаның құндылығын қабылдату, ұрпақтың, ата-бабалардың, ұлылардың ақыл-кеңес тәжірибесін бойына сіңіру, қоршаған орта, адамзатқа, өз қоғамына пайдалы етіп тәрбиелеу мақсатында әлеуметтік педагог Бигалиева К. ата-аналарға «Ата-ананың құқығы мен міндеті» тақырыпта кеңес берді. 17 наурыз күні «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу» бағытында ата-аналар мен оқушыларға «Болашағымызға байыпты тәрбие берейік» тақырыпта әлеуметтік педагог Шаймерденова А.баяндама оқыды. Қиын баламен жұмыс жолдарын жүргізу үшін бақылау әдісі арқылы сынып оқушыларымен әр түрлі тренингтер өткізілді. Сынып оқушылармен «Маған өмір қымбат», «Менің арманым» тақырыптарда тренингтер өткізілді. 8-9 сынып оқушыларынан «Срест тест» сауалнама алынды.Сәуір айында бастауыш сынып оқушыларына бастауыш сынып мұғалімдері 4 сынып жетекшісі Аманжолова Г. «Баланы бастан» тақырыпта және 1 сынып жетекшісі Хамзина А.«Қазақстан Республикасының рәміздерін құрметтеу» тақырыптарда әңгіме жүргізді.Тәрбие ісі меңгерушісі Сапарова Б, психолог Досымбекова Г., әлеуметтік педагог Бигалиева К. сынып жетекшісі Шаймерденова А.көпбалалы отбасындағы оқушының тұрмыс жағдайын анықтау үшін, зерттеу жасадық. Мектепте барлық айтулы күндерге арналған мерекелік іс-шаралар, дөңгелек үстелдер, викториналық ойындар өткізіліп тұрады.Мектеп оқушыларының уақыттарын бос өткізбеуі үшін барлық жағдай қарастырылған. Түске дейін сабақтан қол үзбесе, түстен кейін шахмат,тоғызқұмалақ, дойбы, теннис, шашки, волейбол сияқты спорт түрлерімен айналысу дәстүрге айналып кеткен. Мектептің намысын қорғап аудандық, облыстық жарыстарда жүлделі орындарға ие болып жүрген оқушылар жетерлік.

**Үйірме және секция қызметі**

Үйірме жұмыстарының жұмысына тоқталып өтсек.

**«Ілмек бізбен жұмыс»** үйірмесі аптасына – 1 сағат, жылдық жүктеме - 34 сағат. Оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілген.

*Мақсаты:*

Қасиетті халық тәрбиесінің үлкен ықпалы мен бейнелеу өнері және ұлттық тәлімнің сыры мен ерекшелігі туралы мағлұмат бере отырып, студенттердің бойына сіңіру.

*Міндеті:*

1.Мектеп бағдарламасын жан-жақты меңгерту.

2.Шығармашылық жұмысын дамыту.

3.Оқушылардың ұлттық санасын қалыптастыру, адамгершілікке тәрбиелеу.

4.Көркем шығармашылыққа деген қызығушылығын арттыру.

Жетекшісі: Салыкова Толқын Мухамеджанқызы

**«Өсімдіктану»** үйірмесі аптасына – 1 сағат, жылдық жүктеме - 34 сағат. Оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілген.

**Мақсаты:** Оқушыларға жалпы табиғат туралы, оның ішінде құстар, жануарлар, өсімдіктер туралы түсініктерін кеңейту, экологиялық тәрбие негіздерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін арттыру, туған өлкеміздің табиғатын мейірімділікпен, қамқорлықпен қорғауға тәрбиелеу.

**Туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, экологиялық білімді қалыптастыру, туған жер табиғатты қорғауға баулу.Оқушыларға табиғаттың адам өміріндегі зор маңыздылығын насихаттай отырып, оны аялауға, сақтап қорғауға өз үлестерін қосуға жұмылдыру; мейірбандыққа баулу, экологиялық білімдерін молайту.**

Жетекшісі: Рахметов Мейрбек Абушахманұлы

**«Робототехника»** үйірмесі аптасына – 2 сағат, жылдық жүктеме - 68 сағат. Оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілген.

Мақсаты:Робото техника курсын үйрету қазіргі заман талабына сай бәсекеге қабілетті,

қарқынмен дамып келе жатқан қоғамда кәсіби маман болып қалыптасуына бағыт беру.

Күтілетін нәтиже:Робот техникасы бағдарламасын меңгерген және оны кәсіби мамандығында пайдалана алатын тұлға.

Жетекшісі: Аманжолова гулим Амантаенва

«Шаңғы туризмі» үйірмесі аптасына – 1 сағат, жылдық жүктеме - 34 сағат. Оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілген.

**Мақсаттары:**

**Білімділік:** Қатысушылардың шаңғы туризм барысында кездесетін қауіпсіздік ережелерін түсіндіру, теориялық алған білімдерін практикалық түрде орындап үйрету.

**Дамытушылық:** Шаңғы туризміндегі қауіпсіздік ережелері. Жеке және топтық қауіпсіздік туралы туристік дағдыларын қалыптастыру, шаңғы туризміне спорттық – туристік дайындықтарын нығайту,спорттық икемділіктерін дамыту

**Тәрбиелік:** Салауатты өмір салтына , қажетті жағдайда өз бетімен жедел шешім қабылдауға, жауапкершілікке, төзімділікке тәрбиелеу

Жетекшісі: Әзімжан Еркеш Мәдиұлы

**Секция:**

**«Волейбол» секция** аптасына – 1 сағат, жылдық жүктеме - 34 сағат. Оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілген.

мақсаты:

- оқушылардың дене шынықтыру сабақтарына деген қызығушылығы мен қажеттілігін қалыптастыру;

мектеп оқушылары арасында волейбол ойынын танымал ету,

- СӨС насихаттау.
- денсаулықты нығайту, үйлесімді дене дамуына ықпал ету;
- волейбол ойынын теориялық және практикалық оқыту;
- оқушыларды өмірлік-маңызды қозғалыс дағдылары мен қабілеттеріне үйрету;
- волейболдан мектептің құрама командасын қалыптастыру,
- аудандық жарыстарда тұрақтылық пен жетістікке жету үшін қажетті ерікті, психологиялық қасиеттерді алу,

Міндетері:

- шеберліктің тез өсуі үшін білім алушының табиғи деректерін анықтау;
-меңгеруге теориялық және практикалық

Жетекшісі: Жумагулов Даулет Мубарақұлы

**«Футбол»** аптасына – 1 сағат, жылдық жүктеме - 34 сағат. Оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілген.

**Мақсаты :**

Оқушылардың денсаулығын жалпы спортқа бөлған қызығушылығын дамыту, шыдамдылық , шапшандылықтың деңгейдегі мықты спортшы даярлау . Балалардың ойлау қабілетін ,санасын ,назарын, шығармашылық қиялын, байқағыштығын ой желісінің дәлде алыстан болжау қасиетін дамытады.

Жетекшісі: : Әзімжан Еркеш Мәдиұлы

**«Үстел теннисі»** аптасына – 1 сағат, жылдық жүктеме - 34 сағат. Оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілген.

**Мақсаты:**

Үстел теннисі бұл дене тәрбиесінің құралы денсаулықтың жан-жақты дене құрылысының өсіп-жетілуі және күшейтуіне мүмкіндік туғызады. теннис ойнау қол-көз координациясын

жақсартады, ойлау шапшаңдығын арттырады, ұжым бірлігін арттырады, Оқушылардың қимыл-қозғалыс әрекетін қалыптастырып, дамыту.Оқушыларды ептілікке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.

**Міндеті:**

-үстел теннис ойыны денсаулықты нығайту ,ағзаның қызметтік мүмкіндіктерін арттыру және негізгі физикалық қасиеттін дамыту.

- үстел теннис ойының дамыту және сауықтыру бағытындағы дене жаттығулары базалық спорт түрлерінің іс- қимыл әдістерімен техникасы арқылы қимыл тәжірибені байыту, қимыл қозғалыс мәдениетін қалыптастыру.

-денешынықтыру және спорт жайлы .олардың тарихы туралы қазіргі дамуы және салауатты өмір салтты жайлы білімдерді игеру.

-тұлғаны оң қасиетке тәрбиелеу ,оқужәне жарыс әрекеттерінде ұжымдық әрекеттестік пен ынтымақтастық межелерін сақтау

Жетекшісі: : Әзімжан Еркеш Мәдиұлы

**«Шахмат»** аптасына – 1 сағат, жылдық жүктеме - 34 сағат. Оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілген.

**Мақсаты:**

Шахмат ойынының тарихы туралы түсінік беру. Ойын кезіндегі тәртіппен,ережесімен таныстыру. Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, есте сақтау, салыстыру, танымдық ой-өрісін жетілдіру. шахмат сабағы арқылы шығармашыл, дарынды жеке тұлға жетілдіруге жағдай жасау.

**Тәрбиелік мәні**:

- Айналасына ұқыптылықпен қарау, жеке қасиеттерін жетілдіруге ұмтылдыру; ·
- Өзін тәртіпке салуға тәрбиелеу;
- Еріктілік қасиеттерін жетілдіруге және өзін өзі бағалай білуге.

Бұл бағдарламаны игеру барысында оқушылардың пәнді игеруімен қатар ұжымда жұмыстана білуі қалыптасады.

Жетекшісі: Жумагулов Даулет Мубарақұлы

**«Тоғызқұмалақ»** аптасына – 1 сағат, жылдық жүктеме - 34 сағат. Оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілген.

***«Тоғызқұмалақ» секциясының мақсаты:***

Ұлттық өнерімізді әрі қарай дамыту, насихаттау;

- ➢ өсіп келе жатқан жасөспірімдерге үйрену, өз бетімен айналысуға баулу;
- ➢ балаларды логикалық ойлауға, математикалық ықшам сақтау әдістеріне үйрету;
- ➢ ойынға деген қызығушылықтарын арттыру арқылы қатысушылардың санымен, сапасын өсіру.

***«Тоғызқұмалақ» секциясының міндеті:***

«Тоғызқұмалақ» сабақтарына міндетті түрде қатысу;

- ➢ өзінің даярлығын арттыру және спорттық шеберлігін жетілдіру;
- ➢ спорттық бұқаралық бағытта өткізілетін шараларға белсене қатысу;
- ➢ мұғалімнің нұсқау кеңестерін пайдалана отырып, жаттығуларды өз беттерімен

орындау;

➢ тоғызқұмалақ теориялық білімінің талаптарын білу және тәжірибе жүзінде қолдану

Жетекшісі: Абжанов Мейрмбек Шайкенұлы

Оқушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында мектепте түрлі үйірме және спорт секциялары, тоғызқұмалақ, қол өнер үйірмелері жүйелі жұмыс жасауда.Сыныптан тыс үйірмелерге оқушыларды Отаншылдыққа баулу, ұлтжандылыққа, адамгершілікке, достық қарым -қатынас жасауға тәрбиелеу мақсатында спорттық ойын түрлерінен:футзал, баскетбол, волейбол, дойбы, шахмат, асық ату, тоғызқұмалақ т.б. жарыстар ұйымдастырылып тұрады. Асық ату үйірмесіне қатысушы оқушылармыз аудандық жарыстарға қатысып, ер балалар командалары арасында II орынды иеленді. Тоғызқұмалақ ұлттық ойынынан аудандық жарыстарда оқушыларымыз жүлделі II орынды иеленді.

Республика күніне орай өткізілген аудандық спартакиаданың «Ұлттық мектеп лигасы» бағдарламасы бойынша 9-11 сынып оқушылары арасында «Тоғызқұмалақ» спорттық ойын түрінен II орынға ие болаған 10-сынып оқушысы Абушахманова Аяжан, Сүиндық Гүлнұр, II орынға ие болаған 10-сынып оқушысы Рамазан Сағындық, 11 сынып оқушысы Рафизова Сандуғаш мадақтамен марапатталды.

Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру аясында салауатты өмір салтын қалыптастыру және спортты дамыту мақсатында «Республика күніне» ұйымдастырылған «Тоғызқұмалақ» ойыны бойынша III орын иегері 10-сынып оқушысы Абушахманова Аяжан мадақтамен марапатталды.

«Мұғалімдер күні» мерекесі орай «Волейбол» спорттық ойынында үздік ойын көрсеткені үшін 10-сынып оқушысы Рамазан Сағындық мадақтамамен марапатталды.

**2025-2026 оқу жылына арналған міндеттер: мұқтаж оқушыларға уақытылы әлеуметтік көмек және қолдау көрсету; Отбасының тәрбиелік деңгейін арттыру мақсатында ата - аналармен жұмысты жандандыру; оқушыларға құқықтық білім беруге бағытталған құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу жөніндегі іс-шараларды, бағдарламаларды енгізу.**

**6) білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі):**

**2024-2025 оқу жылында**

Мектептің 10-11 сынып оқушылары жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) оқу жоспары бойынша білім алуда.

2024-2025 оқу жылында 10 сынып оқушылары жаратылыстану-математикалық бағыттағы бейінді оқыту бойынша келесі пәндерді таңдады:

10 сынып тереңдетілген деңгей бойынша

1) Физика – аптасына 3 сағат, жылдық 102 сағат;

2) Биология – аптасына 3 сағат, жылдық 102 сағат.

Стандартты деңгей бойынша:

1) Дүниежүзі тарихы – апталық жүктеме 1 сағат, жылдық – 34сағат.

2) Құқық негізері – апталық жүктеме 1 сағат, жылдық – 34 сағат

11 сынып тереңдетілген деңгей бойынша:

1) Физика – аптасына 3 сағат, жылдық 108 сағат;

2) Биология – аптасына 3 сағат, жылдық 108 сағат.

Стандартты деңгей бойынша:

1) Дүниежүзі тарихы – апталық жүктеме 1 сағат, жылдық – 34сағат.

2) Құқық негізері – апталық жүктеме 1 сағат, жылдық – 34 сағат

Бейіндік пәндерді таңдау мәселелері педагогикалық кеңес отырыстарында қаралды, арнайы шешімдер қабылданды (педкеңес отырыстарының хаттамалары қоса берілген).

**7) ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру** ***(ағымдағы оқу жылының жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларының көшірмелері қоса беріледі):***

**2023-2024 оқу жылында** 4 сынып оқушысы Малтаев Мадияр Ақмола облыстық ПМПК-ның №84 21.01.2022 жылғы қорытындысына сәйкес жалпы бағдарламамен білім мен тәрбие алуда. Степняк қаласындағы коррекциялық бөлімшеге барып, логопедтен тәлім алуда.

**8) ЖББ ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру (бағаланатын кезеңге вариативтік компонент сабақ кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі);**

***2024-2025 оқу жылында вариативтік компонент сағаттары төмендегідей бөлінген:***

| **Вариативтік компонент** | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Жаһандық құзыреттілік** | | | | |
| **Вариативтік оқу жүктемесі** | | | | |
| | 1-сынып | 1сағат | Көркем жазу | Хамзина А.У. |
| | 2-сынып | 1сағат | Матемтика әлемінде | Садвакасова А.Е |
| | 2-сынып | 1сағат | Қызықты грамматика | Салыкова Т.М |
| | 3-сынып | 1сағат | Математика және логика | Садвакасова А.Е |
| | 4-сынып | 1 сағат | Қызықты математика | Хамзина А.У. |
| | | | | |
| | **Барлығы** | **5 сағат** | | |

| **Жаһандық құзыреттілік** | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Вариативтік оқу жүктемесі** | | | | |
| 1 | 5-сынып | 0,5сағат | Жаһандық құзыреттілік | Каримова Н.Б |
| 2 | 6-сынып | 0,5сағат | Жаһандық құзыреттілік | |
| 3 | 7-сынып | 0,5 сағат | Жаһандық құзыреттілік | |
| 4 | 8-сынып | 0,5сағат | Жаһандық құзыреттілік | |
| 5 | 9-сынып | 1сағат | Жаһандық құзыреттілік | |
| | **Барлығы** | **3 сағат** | | |

| **10-сынып** | | **11-сынып** | |
|---|---|---|---|
| 3 сағат | Садвакасова Р.Д. **«Физика және техника»** | 2сағат | Садвакасова Р.Д **«Физика өмірде»** |
| | | 1 сағат | Қалиева З.Б. **“Математикалық сауаттылық практикумы”** |
| 1сағат | Рахметов М.А. | 1 сағат | Рахметов М.А. **«Ауыл шаруашылығы** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **«Химия және қоршаған орта»** | | **биологиясы»** |
| 1 сағат | Рахимжанова Н.Р.<br><br>**«Сөз мәдениеті»** | 1сағат | Рахимжанова Н.Р.<br><br>**«Лингвист»** |
